

ӘОЖ 316.354

С.М. Дүйсенова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: kuralay.avsydykova@kaznu.kz**Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі және кәсіби білім беру**

Аңдатпа. Мақалада еліміздің даму деңгейі бағаланатынын әрбір мемлекеттің мәдени-экономикалық дамуы қайсыбір тарихи кезеңдерде болмасын ондағы кәсіптік білім жүйесінің деңгейіне байланыстылығы дәлелденген. Сондықтан да қазіргі таңда кәсіптік білімге көзқарас та, сұраныс та әлемдік деңгейде бетбұрыс алуда. Елімізден экономикалық жүйені қалыптастыратын бірден-бір жол – кәсіптік білім жүйесі болмақ. Автор қазіргі кезде нарықтық қоғамға тән жаңа қоғамдық қатынастар орнығып, жұмыс істей бастағалы республика кәсіпорындарына, ауыл шаруашылығы мен қызмет көрсету салаларына белгілі бір кәсіп түрін меңгерген жоғары білікті маман жұмысшы кадрлары – механиктер, слесарьлар, тракторист-машинистер, компьютерде жұмыс істей алатын шеберлер, интернет, веб-дизайн, e-mail мамандары, телерадио жөндеу шеберлері, тұрмыстық күрделі техникаларды жөндеуші ісмерлер, газэлектриктер, даяшы-сатушылар, бармендер, аспазшылар, тігіншілер, сатушы кассирлер, еурожөндеуші құрылыс шеберлері, слесарь-сантехниктер, сауда жарнамалық агенттер, ветеринар, фельдшер, қонақ үй бизнесін, туризмді, шағын және орта бизнесті дөңгелетіп әкететін қызметшілер, т.т. өте қажет болып отырғандығы туралы айтады.

Түйін сөздер: білім әлеуметтануы, білім беру жүйесі, кәсіби білім беру, ұлттық жүйе, жеткіншек ұрпақ, кәсіпшілдікке бейімдеу, кәсіптік бағдар беру.

Еліміздің даму деңгейі бағаланатынын әрбір мемлекеттің мәдени-экономикалық дамуы қайсыбір тарихи кезеңдерде болмасын ондағы кәсіптік білім жүйесінің деңгейіне байланыстылығы дәлелдейді. Сондықтан да қазіргі таңда кәсіптік білімге көзқарас та, сұраныс та әлемдік деңгейде бетбұрыс алуда. Елімізден экономикалық жүйені қалыптастыратын бірден-бір жол – кәсіптік білім жүйесі болмақ [1].

Қазіргі кезде нарықтық қоғамға тән жаңа қоғамдық қатынастар орнығып, жұмыс істей бастағалы республика кәсіпорындарына, ауыл-шаруашылығы мен қызмет көрсету салаларына белгілі бір кәсіп түрін меңгерген жоғары білікті маман жұмысшы кадрлары – механиктер, слесарьлар, тракторист-машинистер, компьютерде жұмыс істей алатын шеберлер, интернет, веб-дизайн, e-mail мамандары, телерадио жөндеу шеберлері, тұрмыстық күрделі техникаларды жөндеуші ісмерлер, газэлектриктер, даяшы-сатушылар, бармендер, аспазшылар, тігіншілер, сатушы кассирлер, еурожөндеуші құрылыс шеберлері, сле-

сарь-сантехниктер, сауда жарнамалық агенттер, ветеринар, фельдшер, қонақүй бизнесін, туризмді, шағын және орта бизнесті дөңгелетіп әкететін қызметшілер, т.т. көптеп қажет болып отыр.

Осыған байланысты, өсіп келе жатқан жас, жеткіншек ұрпақтың белгілі бір кәсіп түрін дұрыс таңдап, оны саналы түрде меңгерулеріне ұйытқылық жасау, сөйтіп олардың қазіргі нарықтық қоғам өндірісі талаптарына сәйкес кәсіптенулеріне шынайы, ақ ниетпен көмектесу қажеттілігіне айрықша назар аударылып отыр. Бұл мәселенің ойдағыдай шешілуі, ең алдымен жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беретін мектептерде оқушыларды кәсіпшілдіктің белгілі бір нысанын таңдауға бейімдеп, оны меңгерудің жай-жапсарын жан-жақты саралап, зерттеуді талап етеді.

Жеткіншек ұрпақты кәсіпшілдіктің белгілі бір түрін таңдауға бейімдеп, оны меңгерту, сөйтіп барып оларды өндіріс кәсіпорындарында, ауылшаруашылығы мен қызмет көрсету салаларында еңбектендіруге талаптандыру қажет.

Жеткіншек ұрпақты кәсіпшілдікке бейімдеу – кең өрісті жалпы, политехникалық және еңбекке дайындау негізінде оқушылардың жеке бейімділігін, қабілеттерін және қоғамдық қажеттіліктерді есепке ала отырып, дер кезінде оларды еңбектік іс-әрекеттің түрлерімен таныстыруға бағытталған жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беретін мектептердің оқу-тәрбие процестерінің құрамдас бөлігі. Десек те, оқушыларды кәсіптің белгілі бір түрін меңгертуге бейімдейтін, оларға кәсіптік бағдар беретін бастапқы негізгі буын жалпы беретін мектеп. Өйткенімен, өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақты кәсіпшілдікке бейімдеу жұмыстары өз құрылымы мен мазмұнына әрбір оқушының белгілі бір кәсіпті меңгеруге талаптылығын есепке ала отырып, оларға жалпы орта, бастауыш және кәсіп түріне машықтандыру әрекеттерін де қамтиды. Олай болса, осы жоғарыда біздер тарапынан нақтыланған іс-әрекеттер мен шараларды іс-жүзіне асырып келе жатқан жеткіншек ұрпақты кәсіби тұрғыдан тәрбиелеуге, әрбір өсіп келе жатқан жас азаматтың белгілі бір кәсіпті өз бетінше дұрыс таңдап, меңгеруіне негіз қалайды [2].

Оқушыларды кәсіпшілдікке бейімдеудің құрылымында жетекші орынға ие болатын «кәсіптік бағдар беру» ұғымына түсініктеме бере кетейік.

«Кәсіптік бағдар беру» ұғымының қалыптасуына оның ішкі «іс-әрекет», «кәсіп» және «бағдар беру» сияқты құрылымдық элементтері ерекше рөл атқарады. Кәсіпшілдікке бейімдеу көп салалы қиыншылығы мол күрделі процесс. Кәсіпшілдікке бейімдеу негізгі жалпы, жалпы орта политехникалық білім беретін мектептерде 1 сыныптан бастап 11-сыныпқа дейін жүйелі түрде сабақтастық сақтала отырып үздіксіз жүргізіледі. Сонымен қатар кәсіпшілдікке бейімдеу кәсіптік мектептер мен сондай-ақ тікелей өндірісте, оқу-өндірістік комбинаттарда, курстарда және жұмысшылар мен қызметтерді даярлайтын басқа да оқу-өндірістік құрылымдарда жүзеге асырылады. Шын мәнінде, бұл жалпы политехникалық білім беретін мектептерден бастау алатын әлеуметтік-кәсіптік бейімдеу, кәсіптік тәрбие, оның тиімділігі, политехникалық білім беретін негізгі жалпы, жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісі өндіріске қаншалықты жақын екендігіне тікелей байланысты. Жас ұрпақты кәсіпшілдікке бейімдеу, оларға кәсіптік бағдар беру ісі табан-

дылықты, тиімді ұйымдастыру амалдары мен нысандарын үнемі іздестіріп, жетілдіріп отыруды талап етеді.

«Кәсіптік бағдар беру» белгілі бір кәсіптік дәріптеу немесе оны басқа бір кәсіппен салыстыру арқылы оқушыларға таңдатуға мүмкіншілік тудырады. Сондықтан да жеткіншек ұрпаққа кәсіптік бағдар беруде басқару органдары, оқу-ағарту жүйелері және мұғалімдер қауымы оның әлеуметтік астарына айрықша назар аударуы тиіс. Атап айтқанда, олар оқушының белгілі бір кәсіпті немесе мамандықты таңдауына ғана көңіл аударып қоймай, белгілі бір кәсіп пен мамандықты дұрыс таңдай білудің терең мәнді әлеуметтік құндылығы болатындығын да жан-жақты негіздеп, түсіндірулері керек. Өйткені өскелең ұрпаққа кәсіптік бағдар беруді дұрыс түсіндіріп, ұғындыру, оқушының білім деңгейі мен қабілетіне қарай кәсіптік, арнаулы және жоғары оқу орнын дұрыс таңдату, талап-тілегіне сай белгілі бір еңбек ұжымына жұмысқа орналасуына көмектесу, қызмет бабында өсуіне ықпал ету, тағы сол сияқты кәсіптік бағдар берудің әлеуметтік салалары болып табылады.

Кәсіптік бағдар беру мен еңбекке даярлаудың диагностикалық технологиясы, яғни тәсілі. Бұл тәсілді пайдаланудың мақсаты – әрбір баланың белгілі бір кәсіпке бейімділігі мен қабілеттілігін алдын ала анықтап, байқау. Себебі зерттеліп отырған объект немесе үрдіс туралы алдын ала ақпарат алудың жалпылама тәсілі болып табылады. Мектеп мұғалімдері мен өндірістік оқыту шеберлері, сынып жетекшілері мен тәлімгер үшін басты мақсат – оқушылардың өздері өздерінің бейімділіктері мен қабілеттіліктеріне орай, кәсіптің белгілі бір түрін таңдауларын анықтаудың барынша кең тараған құралдары – тестімен, сауалнама таратумен, тіптен болмаса, кәсіп таңдаудың компьютерлік диагностиканы пайдаланумен жұмыс жүргізу болып саналады.

Оқушының белгілі бір кәсіп түрін меңгеруге бейімділігі, олардың әлеуметтік-кәсіби тұрғыдан қалыптасуы көбінесе өндірістік практикада көріне бастайды. Сондықтан да өндірістік практика оқу жоспарларына енгізіліп, курс бөлімін немесе тақырыпты оқығаннан кейін жүргізіледі.

Кәсіптік тәрбие оқушыларды кәсіпті әрекетті жүзеге асыру тәжірибесімен қаруландырады, кәсіптік таңдауда және оны меңгеру барысында жеткіншектердің қабілеттіліктері мен бейімділіктерін дамытады, қоғамдық

белсенділіктерін арттырады, еңбекке, ғылым мен техникаға, өнерге, әдебиетке, спортқа, ұлттық дәстүрге құштарлығын тәрбиелейді, парызгерлік пен жауапкершілік сезімдерін, кәсіби іскерлігі мен кәсіби мақтанышын қалыптастырады.

Қазіргі қоғамдық құрылысқа тән құндылықтарды ескере отырып, олардың орнын нарықтық қоғамдық қатынастарға тән құндылықтардың басқандығын ешкім де жоққа шығара алмайды. Осыған байланысты біздің елімізді де нарықтық ашық қоғам сұраныстарына сай өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақты кәсіпшілдікке бейімдеудің, оларды кәсіптендірудің шарттары біршама өзгеріске ұшырады.

Ал, өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпаққа кәсіптік бағдардың дұрыс берілгендігінің, олардың кәсіптің белгілі бір түрін шебер меңгергендігінің анықтаушы орны, әрине, бұл өндіріс кәсіпорны. Себебі нарықтық қоғамда өндіріс кәсіпорындары жұмыс беруші заңды тұлға ретінде кадр мәселелерін шешуде жұмысқа орналасуға тілек білдірген тұлғаның жеке басына, оның біліктілігі мен іскерлігіне, күші мен моральдық тұрғыдан мықтылығына зор мән береді.

Сонымен қатар нарықтық қоғамда кез келген маман үшін, мейлі ол жоғары білікті маман жұмысшы болсын немесе жай қарапайым қол күшімен еңбектенетін жай жұмысшы болсын жұмысқа орналасу өте күрделі. Кез келген маманға жұмысқа орналасу үшін өзі тақлеттестермен бәсекеге, тартысқа түсуге тура келеді. Олардың ішінен тек біліктілігі жоғарысы, іскерлік шеберлігі ептисі ғана жұмысқа қабылданады. Олай болса, мемлекетіміз үшін де, кәсіптік білім беретін мектептер үшін де өсіп келе жатқан жас ұрпаққа, әсіресе, ауылдық жерден шыққан жеткіншектерді кәсіпшілдікке бейімдеп, оларды кәсіптендіру ісін одан әрі жан-жақты жандандырып дұрыс жолға қою уақыт сұранысы, заман талабына сай кезек күттірмейтін іс.

Қазіргі жас ұрпақ кәсіп таңдауда белгілі бір кәсіптік тек тартымдылық деңгейіне ғана қызықпайды, сонымен қатар таңдалған кәсіптің өздерінің көзқарастары бойынша әлеуметтік маңыздылығына да ой жүгіртеді. Нарықтық экономиканың орнығып, дамуы, еліміздің әлемдік экономикалық кеңістікке енуі көбіне көп кәсіби біліктілігі жоғары маман кадрларды көптеп дайындауға байланысты, бұл бағытта

елімізде бірқатар игі істер атқарылуда. Ол жұмыстарға көптеген ғалымдар ат салысуда. Атап айтатын болсақ, кәсіптік білім беру жұмыстарын негіздеуде академик А.П. Сейтешов баға жетпес еңбек атқарды. Ол – мемлекеттік білім беру стандартының «Бастауыш және орта кәсіптік білім беру» бөлігінің авторларының бірі. Ол бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқытушыларын даярлаудың 22 түрі қамтылған әртүрлі техникалық арнайы пәндердің жобасын жасап, даярлап берді.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру стандарттарының маңызды шарттарының бірі, оның мазмұнының әрдайым жүйелі түрде жаңартылып отырылуы қажет. Өйткені олар білім беру халықаралық стандартты жіктеу халықаралық еңбек рыногында ұсынылатын білікті маман жұмысшы кадрларға қойылатын талаптарға сай болуы керек.

Білім беруді халықаралық стандартты жіктеу ұсынымдарына сәйкес бастауыш және орта кәсіптік білімді меңгерту стандарттарының негізгі мазмұны төмендегідей болып келуі мүмкін:

– халықаралық стандартқа сәйкес белгілі бір кәсіптің эквиваленттілігінің түзілуі;

– мемлекеттік білім органдары тарапынан тиісті нормативтік-құқықтық базаның әзірленуі;

– кәсіп иесінің кәсіби білімі, дағды-іскерлігі мен біліктілігі деңгейіне және сапалығына барынша оңтайлы талаптар қою және білім мазмұнының халықаралық талаптарға сәйкестенуі;

– белгілі бір кәсіп иесінің бәсекелестікке қабілеттілігін бағамдау, т.б.

Жалпы жеткіншек ұрпаққа кәсіби бағдар беру барысында төменгі тұжырымдарды ескерген жөн:

– жеткіншек ұрпақты жалпы негізгі, жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беру мектептерінде кәсіпшілдікке бейімдеудің міндеті – әрбір оқушының жеке басты мүдделері мен жергілікті еңбек рыногының қажетсінуін есепке ала отырып, оларға өздері өмір сүріп келе жатқан аймақта, ауданда, ауылда атқарылатын шаруашылық түрлерімен айналасуға мүмкіндік беретін кәсіптерді саналы түрде таңдауларына түрткілік жасау;

– бастауыш және орта кәсіптік білім берудің белгіленген оқу жоспарларында көрсетілген білім түрлерін меңгерту арқылы оларды белгілі бір кәсіп түріне икемдеу;

– сол кәсіпті меңгертуге ықпал ете алатын биліктілік пен шеберлікті меңгерту, халық шаруашылығының әртүрлі салалары, әртүрлі мамандықтар туралы, оқушылардың ұғым-түсініктерін еңбек тәрбиесі, политехникалық білім беру негізінде қалыптастыру;

– әрбір оқушының шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, салауатты өмір салты мен берік адамгершілік негіздерін қалыптастыру, дара ерекшеліктерін одан әрі жетілдіру арқылы байыту;

– оқушының азаматтық пен адамгершілікке, өз Отанына сүйіспеншілікке, қоғамдық жұмысқа белсенділік арттыруға, адам баласының ақыл-ой күшімен, қолымен жасалған материалдық және рухани игіліктердің барлық түріне құрмет сезімімен қарауға, болашақта сапалы тұрғыда іскерлікпен адал еңбектенуге тәрбиелеу.

Халыққа қызмет көрсету салаларында да ауыз толтырып айтарлық табыстар көп-ақ. Осының барлығы барлық қазақстандықтардың, ең алдымен, жұмысшылардың, ауыл еңбеккерлерінің және қызмет көрсету саласы қызметшілерінің ерен еңбектерінің жемісі. Ал еңбек өнімділігін бұдан әрі дамыту үшін терең кәсіби білімді, шеберлікті, білікті, дағды-іскерлікті тереңдете түсуі керек. Демек, барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолға алынуы шарт. Бұл – өмір талабы, уақыт сұранысы. Сондықтан да бірінші кезекте қазақстандықтардың сапалы білім алуы мен кәсіптік деңгейлерін сапалық тұрғыдан жаңа сатыға көтеруге күш салынуы керек. Жеткіншек ұрпаққа әлемдік стандарттарға сай келетін сапалы кәсіби білім, әлемдік еңбек рыногындағы бәсекелестікте өтімді біліктілік дағды мен іскерлікті меңгерту керек.

Жеткіншек ұрпақтың өзінің қабілетіне, талғамы мен біліктілігіне сай белгілі бір кәсіп түрін дұрыс таңдап, меңгеруі, бұл тек жеке бастық қана емес мемлекеттік те маңызы бар мәселе болып отыр. Өйткені өз кезегі келгенде өсіп келе жатқан жас ұрпақтың белгілі бір кәсіп түрін дұрыс таңдап, оны шебер меңгеруі олардың жеке бастарының молшылықта өмір сүруіне ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің де өсіп өркендеуіне, әлеуметтік-саяси тұрғыдан берік болуына, құқықтық және моральдық тұрғыдан тұрақтануына ықпал етеді. Кез келген жан-жақты дамыған қоғамда жоғары білікті маман жұмысшы кадрлары, орта тап сол

қоғамның экономикалық тұрғыдан одан әрі өсіп, өркендейтіндігінің, әлеуметтік-саяси, құқықтық-моральдық тұрғыдан беріктігінің кепілі болып саналады.

Ал енді өсіп келе жатқан жас ұрпақтың белгілі бір кәсіпті меңгеруін экономикалық тұрғыдан алып қарастыратын болсақ, оның экономикалық тиімділігі зор. Біріншіден, кәсіпкерлік, іскерлік, сол аймақтың да, мемлекеттің де өсуіне ықпал етеді.

Кәсіптік училищесінде оқушылар қабылдауды негізінен тоғызыншы сыныпты бітірушілердің контингенті есебінен қабылдаған дұрыс. Себебі, кәсіптік-техникалық мектептерде белгілі бір мамандықты меңгеруге қоса орта білім де беріледі. Сонда өсіп келе жатқан жас ұрпақ оқусыз да, жұмыссыз да бос жүрмейді. Өрі мұндай шешім жасөспірімдер арасында орын алып отырған жүгенсіздікті, бұзақылық қылықтарды азайтуы мүмкін.

Жұмыс беруші өкілдері жұмысшы мамандар даярлайтын орта кәсіптік білім беру ұйымдарының мемлекеттік емтихандарына комиссия төрағалары ретінде қатыстырылғаны жөн. Себебі мұның өзі олардың өздеріне қажетті жұмысшы кадрларын іріктеп алуларына септігін тигізеді.

Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігуі ең алдымен отандық білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап етеді. Ол үшін, республика мектептерінің материалдық-техникалық базасын елеулі түрде нығайта отырып, оқушылардың білім сапасының барынша жоғарылауына мүмкіндіктер тудырылуы керек. Техникалық және кәсіптік білімнің рөлін жаңаша сезініп отырып, жастарға кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындары желісін дамытуға бағытталған шаралар қолға алынуы тиіс. Жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беретін мектептердегі еңбек сабақтарында, сондай-ақ нарықтық қоғамдық қатынастарға тән экономикалық процестердің мән-мағыналары түсіндірілуі тиіс.

Жалпы орта бастауыш және орта кәсіптік білім беретін мектеп оқушыларын қазіргі таңда қоғамымызда орнығып, дамып келе жатқан нарықтық қоғам өндірісі талаптарына жауап бере алатын кәсіпшілдікке баулу, іскерлікке үйрету, оларды нарықтық ашық қоғам экономикасына қатысты экономикалық білім негіздерімен

қаруландыру жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беретін мектептердің негізгі қызметі. Осыған орай жеткіншек ұрпақты жалпы негізгі, жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беру мектептерінде кәсіпшілікке бейімдеудің міндеті – әрбір оқушының жеке бастық мүдделері мен жергілікті еңбек рыногының сұранысын есепке ала отырып, оларға өздері өмір сүріп келе жатқан аймақта, ауданда, ауылда атқарылатын шаруашылық түрлерімен айналысуға мүмкіндік беретін кәсіптерді саналы түрде таңдауларына ықпал еткені дұрыс [3].

Жедел өзгеріп тұратын әлемде және ақпарат легінің көшкін тәрізді артып отырған жағдайында іргелі пәндік білім міндетті, бірақ ол білім берудің жеткіліксіз мақсаты болып табылады. Білім алушылар білімнің, дағдылар мен іскерліктің жиынтығын (оқыту центризмі) меңгеріп қана қоймауға тиіс, қазақстандық білім беру жүйесі соған бағытталған. Білім алушыларға барынша өзін іс жүзінде көрсете білу және қоғам өміріне пайдалы түрде қатысу үшін ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысы сияқты құзыретті бойына сіңірту (құзыреттілік) аса маңызды да күрделі. Қазақстандық білім беру жүйесі оған әлемдік білім беру кеңістігінде лайықты орын алуға мүмкіндік бермейтін әдіснамалық базасы, құрылымы мен мазмұны ескірген жағдайда дамуын жалғастыруда. Білім беру мазмұны фактологиялық күйінде қалып отыр және білім алушыларды қоғам өміріне құзыреттілік, жауапкершілік пен шығармашылық тұрғыдан қатыстыра отырып даярлауға бағдарланбаған. Өңірлік деңгейде білім беруді басқарудың біріздендіру жүйесінің болмауы, білім беру бөлімдерінде мамандардың штаттық санының жетіспеушілігі білім беруді тиімді басқаруға теріс әсер етеді.

Қазақстанның бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін дамытудың басым бағыттарын және мамандарды кәсіби даярлаудың сапасын арттыруға бағытталған түбегейлі қайта құруларды жүргізудің қажеттілігін және ел экономикасының алдында тұрған стратегиялық міндеттерді шешуді алдын ала айқындайды. Бағдарлама техникалық және кәсіптік білім берудің икемді, қол жетімді,

үздіксіз дамитын және тиімді жүйесінің негізгі бағыттарын, басымдықтарын, міндеттерін және оны құру тетіктерін айқындайды.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру кәсіпорындардың жаңа технологияларды енгізумен және осы заманғы өндірісті басқарудың жаңа формаларын игерумен қатар жүреді.

Өндірісті жетілдіруде осы қызметтің негізгі субъектілері жаңа технологиялармен жұмыс істеуі тиіс кәсіпорын қызметкерлерінің өзгерістерге дайын болуы және оны қабылдай алуы істің сәтті жүзеге асуына ықпал ететін басты фактор болып табылады. Адам факторы – кез келген экономикалық реформалардың басты бәсекелестік артықшылығы, өйткені ол белгіленген міндеттерді жүзеге асырудағы өздігінен ұйымдасатын бірден-бір элементі.

Бүгінгі таңда қоғам инженерлерге, яғни техниканы жақсы меңгерген мамандарға және бұқаралық кәсіптің жоғары білікті жұмысшыларына зәру. Нарықты жұмысшы күшімен қамтамасыз ету көздерінің бірі – уақыт талабына дереу үн қататын әрі қоғамдық мүдделерді қанағаттандыруға қатысты қосылыстарды қалыптастыратын білім беру ісі.

Соңғы 10 жылдың ішінде білім беру жүйесінде арнайы орта және бастапқы кәсіби білім түрлерін беруге мамандандырылған оқу орындарына қарағанда жоғары білім беретін оқу орындарының дамуы алда келеді. Ол елдің бір формациядан екіншісіне өту кезеңінде орын алған жұмыссыздықтың жоғары деңгейіне жауап ретінде стихиялы түрде қалыптасты. Қазақстандық индустрияның көптеген алыптары «үйелеп» қалды. Кәсіби жұмысшыларға деген қызығушылық білім беру қызметінің негізгі тұтынушыларында – жастарда аз уақытта төмендеп кетті.

Осылайша, жоғары білім келешекте жұмысқа орналасудың кепілдігі ретінде қарастырылатын болды.

Кәсіптік білім беру мемлекеттік мекемелерінің тағдыры келешекте оларды жеке меншік компаниялардың жекешелендіру желісі бойынша құрылуы ықтимал.

Жоғары білікті жұмысшыларды дайындауға арналған жоғары білім беру базасын пайдалану үшін жоғары білім беру ісіне өзгерістер енгізіп, әр жыл сайын оны өткізгені үшін жоғары оқу ор-

нын қандай да бір дипломмен марапаттау керек. Мұндай іс-тәжірибе Францияда бар. Бакалавриат бөлімінде бір немесе екі жылды аяқтағаннан кейін осы деңгейдегі оқудың түлегі техник, медбике, мал дәрігері болады. Бізде басқарудың автоматтандырылған жүйесінде жұмыс істеп үйренген жоғары білікті жұмысшы шығуы тиіс.

Сондықтан еліміздегі әлеуетті қызметкерлерге еңбек нарығына барынша жол ашылуы тиіс. Өйтпеген жағдайда ұлтаралық араздықтар мен инциденттерге тап боламыз. Кәсіби білім беру жүйесіндегі білім берудің тағы бір тобына өндіріс шеберлерін оқыту жатады. Оларды дайындаудың бір нысаны – мамандарды шетелдерде дайындауды көздейтін «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасында өндіріс шеберлерін дайындауға және олардың

біліктілігін арттыруға кем дегенде 300 квотаны бөлу қарастырылу керек [4].

Әдебиеттер

- 1 Абдугулова Б.К. Білім берудегі менеджмент. – №2. 2007. – 78-79-б.
2. Абдрайымова Г.С. Ценностные ориентации современной молодежи. – Алматы: Жібекжолы, 2005. – С. 8.
3. Роль НПО в развитии гражданского общества в Казахстане/ Халықаралық ғылыми конференцияларының жинағы. – Алматы, 2007. – 177-181б.
4. Қасенова А.Е. Білім беру мекемесі басшылығының анықтамалығы. – №1. – 2007. – 73-80-б.

С.М. Дуйсенова

Профессиональное образование и система образования Республики Казахстан

В данной статье рассматривается система образования Республики Казахстан и уровень развития профессионального образования. Так же в статье речь идет о взглядах, спросе и о повороте на профессиональное образование в мировом масштабе. Автор дает обобщенную характеристику профессиональному образованию, формулирующую экономическую систему нашей страны.

Ключевые слова: социология образования, система образования, профессиональное образование, подросток, профессиональная адаптация, профессиональное ориентация.

S. Duysenova

Professional education and system of education Republic of Kazakhstan

In this article the educational system of Republic of Kazakhstan and a level of development of professional education are considered. Also in article a question of sights, demands are considered and about turning on professional education on a global scale are considered. The author gives the generalized characteristic to professional education stating economic system of our country.

Keywords: sociology of education, system of education, professional education, the teenager, professional adaptation, professional orientation.